

FTAХР 16.31

А. Бейсенбай¹, Қ. Мұхамеди¹
¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

БАЛА ТІЛІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Бала тіліндегі өзгешеліктердің көптігі оның зерттеу нысаны ретіндегі қырын да толықтыра түседі. Себебі баланың өзін қоршаған болмыс бейнесін қалай сомдағанына, игермеген ұғымдарының болуына, болмыс туралы нақты түсінігі болмауына байланысты шындықты тілдегі арнайы қалыптасқан атаумен атамай, баланың тілінде қалыптасқан, өзі ұқсатқан сөздермен алмастыра отырып атауы жиі ұшырасады.

Мақалада тілші ғалымдардың бала тілінің шығуы, қалыптасуы, тарихы тағы басқа мәселелерге қатысты пікірлері ескеріле отырып, жалпы тіл білімінің негізгі де маңызды зерттеу жұмысының бірі екендігі баяндалған. Бала тілін зерттеушілердің біразы бала сөздерін, сөйлемдерін жазып алып, олардың ерекшеліктеріне тоқталса, екіншілері бала тілін эксперимент арқылы алып, бала тілін психологиялық, педагогикалық, физиологиялық тұрғыда қарастырып келді. Ал үшінші топтағылар бала тілінің ерекшелігін теориялық жағынан, баланың ойлауын, таным деңгейінің өсуімен байланыстырып когнитивті негізде қарастырды мақалада осы аталған мәселелер кеңінен сөз болады.

Кілт сөздер: тіл, бала тілі, теориялық негіз.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особенности устной речи детей младшего возраста, причины возникновения своеобразной речи ребенка, особенности восприятия им окружающего мира. Авторы приводят примеры из научных исследований ученых-лингвистов, направленных на правильное развитие речи маленьких детей, что является частью общего языкознания. Многие исследователи языка ребенка посредством различных экспериментов рассмотрели язык ребенка с психологической, педагогической, физиологической точки зрения. Язык - это не только средство коммуникации, но и инструмент, который развивает мышление, обучение и навыки. Детство - это время, когда формируется мировоззрение человека.

Авторы статьи придерживаются мнения о том, что на протяжении многих лет выделялись четыре основных условия понимания становления и развития детского языка. Это: имитация, утверждение, языковые структуры, когнитивное развитие.

Ключевые слова: язык, речь ребенка, теоретические основы.

Abstrac. Researching a large number of changing of child's language complement as a form of aspect. The reason of real description of surrounding, being proficiency concepts, due to the lack of understanding of concrete, real truth about reality child calls them not with the special names and the fact that he changes these words with his frequent phenomenon often occurs. Taking attention journalist scientist's opinions about beginning, formation, history of child's language and the other facts is reported in the article that it is one of the main and important researching work of linguistics. Many of child's language researchers write down child's words, phrases, sentences and pay attention to the peculiarities, the others examine psychological, physiological, pedagogical sites of child's language through experiment. The third group theoretically consider the peculiarities of child's language, connected child's thinking with the level of increasing knowledge and studied on the basis of cognition, these problems will be widely talked in the article.

Key words: language, child's language, theoretical basis.

Адам дамуының маңызды бөлігінің бірі- тілдің қалыптасуы болып табылады. Адам баласы дүниеге келе сала сөйлеу тілін мүлдем білмейтін қалыпта болады. Бала өсе келе қоршаған ортасына сай сөйлеу тіліне ие бола бастап, қарым- қатынасқа түсе бастайды. Бала- адамның бауыр еті. Ата-ана үшін одан жақын ешкім жоқ. Ата-ана балаға барын береді. Тамақтың тәттісі, киімнің әдемісі баланыкі. Сондықтан да кез-келген ата-ана өз ұрпағының амандығымен қатар сол баланың сөздерді, дыбыстарды дұрыс айтуына ықпал жасауы керек. Баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі- тіл. Сөздік қоры молая бастаған сайын, бала айналадағы адамдармен, қатарлас балалармен белсенді қарым-қатынас жасай алады. Балалардың көпшілігінің сөздік қоры, өз беттерімен сөйлеуге үйренбеген. Бала тілді бөлшектеп үйренбеуі керек-деп бір ғалым айтып өткендей, Л.Н.Толстой: «Үйренген сөзін баланың қолдана білуіне жағдай туғызу керек, сол сөзін бірнеше рет қолдана білсе, сонда ғана өзінің жеке меншілігіне айналады» деген еді.

Бала тілі қалай және кімдер зерттеген дегенге келетін болсақ, В.Ф. Леопольд өзінің 4 томдық зерттеуінде бала тілінің алғашқы көрінісі қарапайым тіл екендігін баса көрсетеді. Н.Хомскийден бастап 60-жылдары бала тілі синтаксисінің даму ерекшеліктері ғылыми зерттеулердің ең негізгі нысаны болды. Б.Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Л.Р. Робертс, Л.С. Выготский айтуы бойынша 9 жасқа дейінгі бала-ауызекі сөйлеудің түрлі формаларын меңгерудің тамаша маманы. Жас үлкейген сайын ми механизмдерінің қызметі бәсеңдей бастайды. «Мен, деп жазады Л.Николаевич, қазіргі өмірімдегі бар білетінімді ең жас кезімде меңгердім және сонша тез меңгергендіктен қалған өмірімде оның

жүзден бірінде меңгерген жоқпын». Бала тілі шығысымен, әр түрлі дене қимылдары арқылы берілетін талабы, бұйрығы өктем дауыспен беріліп, бір сөзді сөйлемге ауысады. Ең алғаш бала тілі 1800 ж. Зерттеле бастады. Ең алғашқы зерттеулер адаммен жануар тілінің ортақтастығымен, артықшылықтарын анықтау болды.

XIX ғ.ортасында неміс және Австриялық дәрігерлер баланың сөздерді айту дағдысын зерттеді. Дәрігерлер бала тілін зерттеуде күнделікті пайдаланып отырған. Атап айтсақ, Солтүстік Америка зерттеушісі- Г.Стэнли Холл, Еуропа зерттеушісі Уильям Прейер болды. Зерттеу жұмысы балалармен бірге ата-аналары тарапынан жасалып отырды. Бұл әдістің артықшылығы –бала өмірбаяны жайлы нақты фактілер көп мөлшерде қамтылды. Кемшілік тұсы- теориялық жағы кемдеу болды және белгілі бір бағыты көрсетілмеді.

Екінші кезең 1926 ж. Бастау алды. Бұл кезеңде баланың сөйлеу процесі психологиялық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеушілер материалды талдау үшін жаңа әдістер ойлап тапты. Атап айтқанда, бала тіліндегі сөз бөліктері, түрлі сөздер санының орташа ұзындығы т.б. зерттеудер жүргізді. 1941 ж. Швеция ғалымы Р. Якобсон «Детский язык, афазия и фонологические универсалии», зерттеуінде бала тілін теориялық тұрғыдан қарастырды. Бірінші кезеңдегідей бұл әдістің оң және теріс жақтары болды. Теріс жағы: баланың жеке дамуына кедергі келтірді. Зерттеушілер естіген нәрсесін қолмен жазып алып отырды. Бұл әдістің артықшылығы: жиналған материалдарды одан әрі талдауға мүмкіндік тудырды.

Тіл саласындағы бала тілін зерттеу тарихының үшінші кезеңі 1957 ж. Бастау алды. Зерттеу барысында баланың сөзіндегі өзгертулерді бақылау, белгіленген уақыт аралығында жүзеге асу керек болды. Бұл кезең жоғарыда айтылған екі кезеңмен байланысты зерттелді. Біріншіден, баланың сөйлеуін зерттеу ұзақ уақытты алды, екіншіден, бала санының көптігін қажет етті. 1950 ж. Бері қарай бала тілін зерттеуге деген қызығушылық арта түсті. Әр ғалым әртүрлі әдістер ойлап тапты. М.Брейн 1.7-2 жас аралығындағы балалардың сөйлеуін магнитофонды тындау арқылы зерттеді. Жаңа зерттеулердің көпшілігі, 1-3 жас аралығындағы балаларға назар аударды [1].

XX ғ. 60-70 ж. Тілдік жүйенің морфемалық құрылымын зерттеу мүмкіндіктерін анықтау үшін көптеген жұмыстар жүргізілді. Бұл кезде 2-ден 6 жасқа дейінгі балалар тіліне талдау жасалды. Ал, Ж. Берко болса эксперимент үшін 4-7 жас аралығындағы балаларды алды. Осы аралықта морфологиялық жүйені меңгертуде көптеген жұмыстар атқарылды. Соңғы 20 жылдың ішінде морфология жүйесін меңгеумен қатар, бала тілін зерттеуге арналған бірнеше еңбектер басылып шықты. Бала тілінің фонетикасы бойынша «Балалар фонологиясы» атты екі томдық жұмыс

жарыққа шықты. Ал Е.Кларк жұмысы болса, тілдің лексикалық құрамын зерттеуге арналған еңбек еді [2].

Ресейде бала тілі педагогика, психология, психолингвистика салаларымен байланыстырып қарастырылды. Бала тіліне байланысты «Балаларға арналған ересектер диалектісі» 1972 ж. И. Тойвайн кандидаттық диссертация жұмысын қорғады. Франция қаласына қарасты «Оулу» университетінде ғалымның басшылығымен бірнеше жыл бойы тілдік материалдар жинақталды. И.Тойвайн зерттеу нысаны ретінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі 25 баланың сөйлеуін зерттеді. Бұл жұмыстың нәтижесі ретінде 1980 ж. И.Тойвайнның докторлық диссертациясы қорғалды [3].

Белгілі лингвист Т. Итконен 1970 ж. өзінің екі жұмысын жариялады. Ол баласының тілді меңгеруін күнделікке түсіре отырып, тілді фонологиялық аспект тұрғысынан зерттеді. 1990 ж. Финдік тілтанушылардың зерттеуі одан әрі қарқынды дамыды. Бала тілінің проблемалық жақтарын зерттеумен айналысқан, Б. Мак Вини бала тіліндегі морфология, сонымен қатар синтаксис жүйесін қарастырды. 1936 ж. А.Сааресте, 8-10 жастағы бала тіліндегі фонетикалық, морфология, лексикалық ерекшеліктерге назарын аударды. П. Аристэ 1941 ж. «Lastekeele semasioloogist» атты жұмысында бала лексикасының кейбір ерекшеліктерін тоқталып өтті.

Осы жылдар ішінде, бала тіліндегі үрдістерді түсіну үшін негізгі төрт түрлі жағдай ескерілді. Олар: еліктеу, бекіту, тілдік құрылымдар, когнитивтік даму.

Еліктеу. Еліктеушілік адамның танымдық аспектілерінде негізгі рөл атқара отырып, тілді меңгеруде көптеген септігін тигізеді. Бала өзінің алғашқы сөздерін тыңдалыммен еліктеушіліктің арқасында сөздерді айтуды үйренеді. Бала өздігінен сөздік құрастырып, мағынасын аша алмағандықтан, өзгелерге еліктеу арқылы кейбір тіркестерді құрастыруға тырысады. Мектепке дейінгі балалардың сөздік қоры осылайша қалыптасады. Ересектер бала тіліндегі кемшіліктерді түзетуге тырысқанымен, олар өзіндік сөздерін пайдаланады.

Бекіту. Балаларға ересектердің іс-әрекеті қатты әсер етеді. Балалар белгілі бір дәрежеге жету үшін сөздерді бірнеше рет қайталайды. Бала өзінің алғашқы сөздерін айтқан кезде ата-аналардың көпшілігі түзетуге тырысқанда, оның мағынасын түсінгенімен, алайда сөйлемнің құрылымына назар аударма бермейді. Ата-ана сөзді дұрыс айту керек (интонация, екпін, дауыс ырғағына баса назар аударуы керек) және сөздерді үнемі қайталап, түзетуі тиіс.

Тілдік құрылымдар. Белгілі лингвист Ноам Хомский «Адам өмірге келгенде сөйлеуді психикалық құрылымын игеріп келеді. Балалар ең алдымен, грамматика заңдарына сәйкес қарапайым сөздерді, кейін

өмірінің алғашқы кезеңдерінде сөйлемдерді құрастырып, ересектер синтаксисіне жақын сөздермен сөйлей бастайды.

Когнитивтік дамыту. Төрт негізгі теориялар баланың қарым-қатынасын дамыту, жалпы тілді дамытуға ерекше назар аударды. 1-4.5 жас аралығындағы балалар өзіндік сөздерінен бас тартып, ересектер грамматикасына қарай жақындай түседі.

Н. Хомский бала тілінің грамматикалық жағынан қалыптасуын зерттеуді «лингвистика саласының межесі» деп санаса, 1970-жылдарда бала тілінің семантикасы мен сөздер мағынасын меңгеру негізгі зерттеу мәселесі деп танылды. 1970-жылдардың соңы 1980- жылдардың басында социоллингвистикаға, бала тілінің психологиялық ерекшеліктеріне көп мән беріле бастады. Р. Слобин бала тілінің шығуындағы универсаль құбылыс әлем балалар тіліне тән екендігін, оның ұлттық ерекшеліктері семантикалық синтаксис тұсында айқын көріне түседі. Бала тілінің сөздік қорының дамуын және қалыптасуын Д.Б. Эльконин, А.В. Захаров зерттесе, грамматикалық жүйесінің қалыптасуын А.А. Леонтьев, Ф.А. Сохин, С.Н. Цейтлин қарастырған. С.Эрвин-Трипп синтаксисінің және семантикасының дамуын, ал П.Гринфильд, Э.Бейтис, А.Р.Лурия баланың жас ерекшелігіне, бала тәрбиесіне, отбасына, өскен ортасына, бала қарым-қатынас жасайтын ортасына, қабілетіне, шығу тегіне, денсаулығына және тағы да заңдылықтарға байланыстырып зерттеген. Л. С. Выготский бала тілінің шығу туралы айта келіп бала тілі ұғымдық синтаксистен басталып семантикалық, мағыналық синтаксиске табиғи түрде ұласатындығын айтады. Ғалым А.В.Петровский бала өмірінің жеті кезеңін көрсеткен. Ал, М.Қ. Бапаева «Даму психологиясы» атты еңбегінде балалық шақтың өзі төртке бөлінген. Ғалым С.Н. Цейтлиннің «Язык и ребенок», «Лингвистика детской речи» атты еңбектерінде баланың сөйлеу үдерісінде қолданған сөйлемдерді бірсөзді, екісөзді, үшсөзді сөйлемдер деп қарастырған.

Бала тілінің дамуындағы алғашқы кезеңнен-ақ үлкендер мейіріміне мейіріммен жауап беруге, алғашқы дыбыстарды айтуға үйренеді. Бала бір жасқа дейін үлкендерге көңіл аударып келсе, кейін жан-жағындағы заттарға, қимыл-қозғалысқа көңіл аудара бастайды. Жоғарыда аталған бала тілін зерттеудегі ғылыми еңбектердің бағытын негізгі үш үлкен топқа бөлуге болады. Олардың біразы бала тілінің әрбір кезеңіндегі айтылған бала сөздерін, сөйлемдерін жазып, олардың ерекшеліктерін зерттесе, екінші топтағы бағытта эксперимент арқылы алынған бала тіліндегі кішігірім мәселелерге психологиялық немесе психоллингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған, үшінші топтағы зерттеулер бала тілінің ерекшелігінің теориялық жағына мән беріп, бала тіліндегі сөздердің қолданысына, оның себептеріне бағытталған және бала сөздерін баланың ойлауын, таным деңгейінің өсуімен байланыстырып қарайды.

А.Н. Гвоздевтiң, Г.Л. Розенгард-Пупко, Д.Б. Элькониннiң А.А. Леонтьевтiң, Н.Х. Швачкиннiң, В.И. Бельтюков т.б. жұмыстарында балалардың сөйлеу тiлiнiң ерте жастан қалыптасуының жағдайы сипатталған. Н.С. Жукова, Т.Б. Филичева, С.Н. Шаховская, Л.Ф. Спирина өздерiнiң еңбектерiнде балалардың сөздік қорында енжар және белсенді етістіктердің аздығын сонымен қатар олардың етістіктердің грамматикалық формасын дұрыс қолдана алмайтындықтарын көрсеткен.

Бұл авторлар сөйлеу тiлiнiң дамуының кезеңдерiн әртүрлі жағдайда қарастырды және жіктеді. Н.С. Жукова А.Н. Гвоздевтiң «Вопросы детской речи» (1961 ж.) кітабындағы материалды пайдалана отырып балаларда сөйлеу тiлiнiң қалыпты жүйелі дамуының кестесін құрды. Мұнда сөйлеу тiлi қалыпты дамыған туылғаннан 7 жасқа дейiнгі балалардың сөздік қорында етістіктердің қалыптасуы туралы қызықты материалдар жариялаған.

Ғалым Г.М.Лямина 6 жасқа дейiнгі балалардың сөз арқылы қарым – қатынас жасау барысында етістіктерді қолдану ерекшеліктерін қарастырса, ғалым Е.И. Тихеева баланың өмірінің алғашқы жылында сөйлеу тiлiнiң қалыптасу кезеңдерiн сипаттаған. Ол өз еңбегінде гуілдеу, былдырлау, сонымен қатар алғашқы етістік сөздердің қалыптасу ерекшеліктерін толығырақ сипаттаған.

Г.Р. Шашкина «сөйлеу тiлiнiң лексикалық – грамматикалық қатарының дамуы» бөлімінде етістіктердің дамуын қарастырған. Т.Б.Филичева, Н.А. Чевелева, Г.В. Чиркина А.А. Леонтьевтiң зерттеулеріне сүйене отырып сөйлеу тiлi дамуының кезеңдерiн қарастырған.

Әр кезеңде етістіктердің қалай қалыптасатындығы жөнiнде түсініктер берген. А.Н. Гвоздев 3 жасқа дейiнгі балалардың сөйлеу тiлiнде сандық және сапалық етістіктердің жинақталуын зерттеген. Ол өз еңбектерiнiң бiрiнде баласының сөйлеу тiлiн 7 жыл көлемінде бақылағандығын, баласы 2,5 жасқа келгенде оның сөздік қоры 843 сөз, оның ішінде 325 сөз етістікті құрағанын айтқан. Бала дамуының төрт жасына қарай сөздік қоры 1600-1900 сөзге дейiн өседі. А.Н. Гвоздевтiң мәліметтеріне қарағанда олардың 50,2 % зат есімді, 27,4 % етістікті, 11,8% сын есімді, 5,8% үстеуді құрайды.

К.И. Чукотский бала тiлi туралы: «Ересектерде барлығы сатылымға дайын көйлектері бар дүкен сияқты. Ал балаларда енді өңделіп, тігіліп жатқан шеберхана секілді» деген. Әрбір бала көптеген жаңа сөздерді, қолданыста бар сөздердің жаңа формасын құрастырып жатады. Әрине, ондай мысалдар күнделікті тұрмыста өте көп кездеседі. Бұндай құрылымды сөздердің негізінде уәж жатыр. Ж.Аймауытовтың «Психология» атты еңбегінде осы мәселе жайында айтылған. «Жүре-жүре бала ішкі тілегін сыртқа шығару үшін дыбысқа еліктейді. Сиырды «мө-ө», қойды – «ма», мысықты – «мияу», итті – «ау-ау» дейтін болады» дейді.

Бала 1 жас пен 2 жас аралығында «бір сөзді сөйлемді» жиі қолданады. С.Н. Цейтлиннің пікірінше, «баланың алғашқы сөздері – оның алғашқы ойы болады. Бұл – «голофраза» деп аталады. Бұл сөз белгілі бір ойды беретін, жағдайды түсіндіретін құрылым». Ғалымның пікірін тілдік деректермен дәлелдеуге болады. Мысалы, бала автобусты көрсетіп «автобус» дейді. Бұл сөздің негізінде «әне, автобус» немесе «автобус келе жатыр (өтіп бара жатыр, тұр)» сөйлемдері жатыр. Баланың сөздік қорынын аздығынан сөйлемді толық айта алмайды, бір сөзбен жеткізеді.

Осылайша бала бір сөзбен бір сөйлемнің мағынасын түсіндіреді. Әдебиеттерде сөйлеу тілінің кезектілікпен қалыпты дамуына көп назар аударылған. 3-7 жас аралығындағы мерзім сөйлеу тілінің қарқынды дамуымен сипатталады. Бала барлық сөз таптарын белсенді қолдана бастайды. Бірақ, Т.В. Волосовец 3-7 жас аралығындағы балалардың сөйлеу тілінің дамуында зат есім мен етістіктің жиі қолданылатынын атап өткен. Бұл жағдай олардың осы сөздерге деген қажеттілігімен түсіндіріледі. 6-7 жастағы балалар «бару», «айту» сияқты етістіктерді жиі қолданады.

Балалардың сөздік қорындағы етістіктердің ерекшеліктері туралы ғылыми зерттеулер көп, бірақ қазақ тілінде зерттеулерді жоқтың қасы деп айтсақ болады. Қалыпты дамыған балалардың етістіктерді қолдану ерекшеліктері алдағы уақытта сөйлеу тілінің дамуын дұрыс бағалауға септігін тигізеді.

Қорыта келгенде, ғалым Л.С.Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалар жеке заттарды біліп қана қоймайды, оларды жіктеп, топтап айта білуге, әр заттың қайдан, неден жасалынатындығын көрсетеді. Баланың алғашқы сөздерді түсіне бастағанынан – ақ оның ортамен тілдік қатынасы қалыптаса бастайды. Бала тілінің шығуы оның психикалық дамуына күшті әсер етеді. Әрбір сөз-баланың ақыл-ойының дамуына маңызды екенін айтады.

Сонымен қатар, баланың тілінің дамуына көңіл бөлу керек. Баланың сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуын дұрыс тәрбиелеу үшін оның даму барысындағы физиологиялық, морфологиялық өзгерістерді түсіне білуі керек. Тіл-тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол-ойлау қабілетін дамытатын, білім алуға, дағдыларды арттыруға мүмкіншілік беретін құрал. Бала тілі – оның дүниетанымының қалай қалыптасуының көрсеткіші. Олай дейтін себебіміз, баланың өзін қоршаған болмыс бейнесін қалай сомдағаны олардың өздері алғаш сол жағдаятқа түскенде аңғарылып, оның бұрын қалыптаспаған, игермеген ұғымдары мен олардың түсінігі болмауы салдарынан шындықтың тілдегі арнайы атауы бар құбылыстарды тиісті атаумен атамай, өзінде қалыптасқан, өзі ұқсатқан зат атауымен алмастырып атап отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аяпова Т.Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы. – Алматы, 2003. – 303 б.
- 2 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе: Ақтөбе университеті, 2008. – 429 б.
- 3 Нұрлыбаев Н. М. Балаларға арналған мәтіндердегі жай сөйлемдер құрылымының лингвистикалық сипаты. – Алматы, 2010. – 132 б.
- 4 Clark, E.V. The lexicon in acquisition // Cambridge studies in linguistics. – 1993. – № 65. – P. 26-45
- 5 Toivainen, J. Inflectional affixes used by Finnish-speaking children aged 1-3 years. – Helsinki, 1980. – 305 p.

FTAХР 16.31

А.Ә. Жұмағұл¹, Х.А. Ордабекова¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

КАРИКАТУРА — САЯСИ ДИСКУРСТЫҢ БІР ЖАНРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада мәтінге лингвистикада қойылатын талаптар туралы жазылды. Уақыт өте келе мәтінге алғашқы уақыттарда берілген анықтамалар бүгінгі таңдағы мәтін ұғымын жан-жақты ашып бере алмайтындығы сөз етілді. Тіл білімінде мәтінді синтаксистік бірлік, бір ойды білдіретін, логикалық байланысқа құрылған сөйлемдер жиынтығы деп қана тану аясы тар тұжырым. Қазіргі таңда мәтін ақпараттылық, жинақтауыштық, модальдылық, адресаттылық, дискреттілік категориясына сәйкес келу керек. Бұл категориялар қазіргі тіл білімінде мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар іспетті. Осы категорияларға жауап бере алатын креолды мәтіндер болып табылады. Мақалада карикатураны креолды мәтіннің бір түрі ретінде алып, мазмұндық белгісіне сәйкес саяси дискурстың бір жанры болғандықтан, алдымен оның ақпараттылығын қарастырылады. Мақалада қазақ тіл білімінде алғаш рет карикатураны саяси дискурстың жанры ретінде қарастыру мәселесі жазылған.

Кілт сөздер: карикатура, креолды мәтін, саяси дискурс, саяси коммуникация, әлеуметтік институттар, дискурс құрылымы, қоғамдық функция, дискурс қызметі, мәнмәтін, жағдаят.

Аннотация. В данной статье описываются требования к текстовой лингвистике. С течением времени было установлено, что определения, приведенные в первоначальном тексте, не могут быть истолкованы в